

Халықаралық келісім шарт құқығы





Халықаралық келісімшарт – бұл мемлекеттер арасындағы және/немесе халықаралық құқықтың басқа да субъектілері арасындағы жазбаша немесе ауызша нысанда жасалған және халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім. Халықаралық шарт адамның негізгі құқығы мен бостандығын қорғауда, мемлекеттердің және халықаралық құқықтың субъектілерінің, басқа да субъектілердің заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Халықаралық шарттардың әр түрлі атауы бар – **пакт, конвенция, хаттама, келісім.** Келісімшарттың заңды күші оның атауына байланысты болмайды.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарты» – Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен (немесе мемлекеттермен) не халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжатта көрініс тапқанына қарамастан, сондай-ақ оның нақты аталуына қарамастан, халықаралық құқық арқылы реттелетін халықаралық келісім. Халықаралық шарттың объектісі болып әрекет немесе әрекетсіздік, материалдық және материалдық емес игіліктер салдары бойынша халықаралық құқық субъектілерінің қатынастары танылады. **Шарт** – бұл мемлекеттің немесе халықаралық құқықтың басқа да субъектілерінің алдына қойған мақсатына жету үшін және оны жүзеге асырудың құралы.



Халықаралық келісімшарт субъектілері.

Халықаралық құқықтың барлық субъектілері халықаралық келісімшартты жасасуға құқықтық қабілетті. Бірақта осындай құқық қабілеттілік халықаралық құқықтың негізгі қағидаларымен және басқа да императивті нормалармен шектелген. Сонымен қатар, негізгі (егеменді) субъектілер халықаралық – құқықтық реттеудің пәні болып табылатын кез келген сұрақ бойынша шарт жасасуға құқылы, сонда халықаралық құқықтың туынды (егеменді емес) субъектілерінің құқық қабілеттілігі олардың құрылтай құжаттарымен, атап айтқанда, халықаралық ұйымдардың Жарғысымен шектелген./

Халықаралық шарттар үшінші мемлекеттер үшін олардың бұған келісімсіз құқықтар тудырмайды. Бірақта, шартқа қатыспайтын мемлекеттер, оның жағдайларын халықаралық құқықтың жай нормалары ретінде қолдануы мүмкін.

Келісімшарт тараптары: мемлекеттер және халықаралық ұйымдар болуы мүмкін. Кейбір жағдайда халықаралық құқықтың субъектісі болып табылмайтын тұлғалармен де жасалады, мысалы, үкімет аралық келісім, бұнда мемлекетпен қатар ірі кәсіпорын да қатысады.

Халықаралық шарттардың түрлері:

1. Субъектілерінің сипаты бойынша:

- мемлекет аралық;
- үкімет аралық;
- ведомство аралық.

2. Субъектілердің саны бойынша:

- екі жақты;
- көп жақты;

3) нысаны бойынша:

- ауызша;
- жазбаша.

4) әрекет ету уақыты бойынша:

- мерзімді;
- мерзімсіз;




Қайнар көздері.

Халықаралық шарт құқығының ерекшелігі оның қайнар көздерінде болып табылады. Қазіргі заманғы халықаралық құқық, негізінен шарт құқығы, халықаралық шарттың өзі әдет-ғұрып бойынша құрылады және халықаралық-құқықтық әдет-ғұрып деп саналады. Негізінен, дәл осы халықаралық-құқықтық әдет-ғұрып бойынша халықаралық шарттың құрылымы құралады, шарттың бекітілу тәртібі, әрекет ету негіздері, талқылау тәсілдері, шарттың тоқтатылуы немесе күшін жою тәртібі және т.б. мәселелер шешіледі.



Бұл құқықтық саланың негізгі қайнар көздері болып, 1969жылы қабылданған халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясы және 1979 жылы және 1986 жылдары қабылданған, бірақ әлі өз күшіне енбеген мемлекеттердің шарттарға қатысты мирасқорлығы, сондай-ақ мемлекеттер және халықаралық ұйымдар арасындағы шарттар құқығы туралы Вена Конвенциялары. 1978 жылы және 1986 жылдары қабылданған Конвенциялар өз күшіне енбегенменде олардың көптеген ережелері әдет-ғұрыптық нормалар ретінде қызмет етеді. Аталған Конвенциялар халықаралық шарттар құқығы саласындағы барлық әдет-ғұрыптық нормаларды жүйелендірген жоқ. Мысалы: Соғыс жағдайының халықаралық шарттарға әсер етуіне қатысты қалыптасқан әдет-ғұрыптық нормалар кодификациядан өтіп, Конвенцияға енген жоқ. Сол себептен де, бұл құқықтық саланың қайнар көздері болып шарттардың нормалармен қатар әдет-ғұрыптық нормалар да қызмет етеді. Осы Конвенциялар және басқа да құжаттар халықаралық шарттардың жасалу, оларды орындау немесе жүзеге асыру және жою тәртібін реттейді.




**Халықаралық келісімшартты жасасу мынадай кезеңдерден
(стадиялардан) тұрады:**



**мәтінді дайындау (құрастыру) және оның түп
нұсқалылығын белгілеу;**



келісімшарт мәтінін қабылдау;



келісімшарттың міндеттілігіне келісімін беру.



Халықаралық келісімшарттың тілдері.

Екі жақты келісімшарттар келісуші 2 тараптың тілдерінде жасалады. 2 тілде жасалған мәтіндердің заңды күші бірдей болады.

Кейбір жағдайда 2-жақты келісімшарттар 3 тілде жасалуы мүмкін, мысалы, егерде тілдердің біреуінде тиісті терминологиялық база жетілмеген болса.

Көпжақты халықаралық келісімшарттар 1 немесе бірнеше тілдерде жасалады. Басқа тілдерге ресми аударылуы мүмкін. Ол келісімшарттың депозитарийімен белгіленеді, және содан кейін халықаралық шарттың қатысушыларына беріледі, мысалы, БҰҰ Жарғысы 5 тілде жасалған: орысша, ағылшын, француз, испан, қытай тілдерінде. Тек осы тілдердегі мәтіндер Жағының ресми мәтіндері болып табылады, ал қалған мәтіндер куәландырылған аудармасы болып табылады.

Халықаралық келісімшартты жасасу кезеңдері.

Халықаралық келісімшарттың мәтінін әзірлеуде, келісімшартқа қол қоюға мемлекет атынан тек осы үшін қажетті өкілеттіліктер берілген тұлға ғана қатыса алады. Өкілеттілік- бұл құзырлы мемлекеттік органнан шығатын құжат, осы құжат арқылы келіссөз жүргізу, келісімшартты қабылдау, келісімшарттың міндеттілігіне келісімін білдіру немесе келісімшартқа қатысты өзге де актіні жасасу мақсатында өз мемлекетінің өкілі ретінде 1 немесе бірнеше тұлғалар тағайындалады.

Өкілеттіліксіз өз мемлекетінің атынан мемлекет басшылары, үкімет басшылары, сыртқы істер министрлігі, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары (өз мемлекеті мен оған сенім көрсетілген мемлекеттің арасында келісімшарт мәтінін қабылдау үшін); халықаралық конференциялар немесе халықаралық ұйымдардағы мемлекет өкілдері қатыса алады. Екіжақты келісімшарт жасасқанда тараптар өз өкілеттіліктерімен алмасады, егер келісімшарт көпжақты болса, онда оларды конференцияның Ұйымдастыру Комитетіне немесе халықаралық ұйымның тиісті органына тапсырады.





Келісімшарттарды тіркеу.

Халықаралық шарттар БҰҰ Жарғысының 102б. сәйкес БҰҰ Хатшылығында тіркеледі және жарияланады. БҰҰ тіркелмеген келісімшарттар заңды күшін жоғалтпайды, бірақта мемлекеттер оларға БҰҰ жүйесінің органдары сілтеме жасауға құқығы жоқ. БҰҰ Жарғысының 102б. құпия дипломатияны шектеуге және келісімшарттың мазмұнын әлемдік қауымдастыққа жеткізуге бағытталған. БҰҰ Хатшылығы тіркелген келісімшарттарды жариялауды ұйымдастырады.



Халықаралық шарттарға енгізілетін ескертулер.

Ескерту - бұл шартқа қол қояр алдында, ратификациялауда, бекітуде, қабылдауда, оған қосылған кезде мемлекеттің осы келісімшарттың нақты жағдайларын белгілеген мемлекетке қолданылуының заңды әрекетін алып тастауға немесе өзгертілуін білдіретін мемлекеттің біржақты мәлімдемесі. Ескертудің заңды салдары оны жасаған мемлекетпен және келісімшарттың басқа да қатысушылар арасындағы қатынасында келісімшарттың жағдайларын өзгертеді.

Ескерту мынадай жағдайларда жасалмайды:

1. егер де осы ескертуге келісімшартта тыйым салынған болса;
2. ескерту келісімшарт бойынша рұқсат етілгендердің санына кірмейтін болса;
3. егер ескерту келісімшарттың объектісіне және мақсатына қайшы келетін болса;

Ескертуді жасаған мемлекет ескертуді кез келген уақытта алуына болады.



Келісімшарттың әрекеті. Келісімшарттың күшіне енуі.

Келісімшарттың күшіне келісімшарттың өзінде немесе келіссөзге қатысушы мемлекеттер арасында келісілген тәртіпте және сол күнде енеді.

Егер бұндай келісушілік болмаса, онда келіссөзге қатысушылардың барлығын келісімшарттың олар үшін міндеттілігіне келісімін бергенде ғана күшіне енеді.

Сонымен қатар, келісімшарт ратификациялық грамоталарды, қосылу туралы құжаттармен алмасқанда, сақтауға берілетін ратификациялық грамоталардың белгіленген саны берілгенде немесе осыдан кейін белгілі бір мерзім өткенде күшіне енеді.

Қазақстанның шет мемлекеттермен жасасқан келісімшарттарының көбінде әрекет ету мерзімдері туралы жағдайлар қарастырылған және әрекет ету мерзімін ұзарту механизмі де қарастырылған.

Халықаралық келісімшарттың мерзімін ұзарту пролонгациядеп аталады.

Халықаралық келісімшарттардың әрекетін тоқтату және доғару.

Әрекетін тоқтату - бұл нақты күннен бастап келісімшарттың күшінің жойылуы

Доғару - келісімшарттың күшін уақытша тоқтату

Халықаралық келісімшарттың әрекетін тоқтату негіздері:

- а) соғыс болған жағдайда;
 - б) егер бір тарап өз міндеттемелерін орындамаса, екінші тараптың тоқтатуы;
 - в) келісімшарттың әрекет ету мерзімі біткенде;
 - г) келісімшарт орындалғанда;
 - д) келісімшарттың субъектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
 - е) келісімшартты денонсациялау. Денонсация – бұл мемлекеттің келісімшарттан заңға сәйкес біржақты бас тартуы
- Келісімшарттың күшін жою – бұл оны жасаған сәттен бастап оны жарамсыз деп тану





Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Халықаралық құқық. Дәрістер курсы./Г.Б.Хан және т.б. редак. – Алматы: ҚазГЗУ, 2003.-472 б.**
- 2. Кулжабаева Ж.О. Международное публичное право.- Алматы,2002.-467с.**
- 3. Сарсенбаев М.А. Международное право. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996.**
- 4. Досжанова Г.С. Халықаралық құқық бойынша терминдердің түсіндірме сөздігі.-Алматы: Заң әдебиеті, 2003.-67 б.**
- 5. Садыканова Ж.Е. Халықаралық бұқаралық құқық. Электрондық оқулық. - Өскемен, 2008**



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!